

"Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, оларды жасаған тұлғалар, сотталғандар және сыбайлас жемқорлық қылмыстар жөніндегі қылмыстық істердің қозғалысы туралы" N 3-К нысанды статистикалық есепті және оны құру бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 11 желтоқсандағы N 69 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 маусымдағы N 23 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 1 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 3711. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 8 қазандағы № 112 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 2014.10.08 № 112 (01.01.2015 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңын ақпараттық-статистикалық қамтамасыз ету мақсатында, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, оларды жасаған тұлғалар, сотталғандар және сыбайлас жемқорлық қылмыстар жөніндегі қылмыстық істердің қозғалысы туралы" N 3-К нысанды статистикалық есепті және оны құру бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 11 желтоқсандағы N 69 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2642 нөмірмен тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) тақырыбындағы, бұйрықтың толық мәтіні бойынша және оған қоса берілген қосымшадағы N 3-К нысанды статистикалық есептің аталуы келесі редакцияда берілсін:

"Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, оларды жасаған тұлғалар және сыбайлас жемқорлық қылмыстар жөніндегі қылмыстық істердің қозғалысы туралы".

2) аталған бұйрықпен бекітілген 1-қосымша осы бұйрыққа қоса берілген қосымшаға сәйкес 5 және 6 бөлімдермен толықтырылсын.

3) аталған бұйрықпен бекітілген 2-қосымшада:

1-тармақтағы бірінші азат жол келесі редакцияда берілсін:

"1. "Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, оларды жасаған тұлғалар және сыбайлас жемқорлық қылмыстар жөніндегі қылмыстық істердің қозғалысы

туралы" N 3-К нысанды статистикалық есеп (бұдан әрі - есеп) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңын статистикалық және ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында енгізіледі, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, болдырмау және олардың жасалғанына кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту бойынша уәкілетті мемлекеттік органдардың жұмысын бейнелейді, сыбайлас жемқорлық қылмыстармен келтірілген материалдық залал және оны өтеу бойынша жұмыстың ахуалы туралы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасап, сол үшін жауапқа тартылған тұлғалардың ведомстволық тиістілігі, бірінші сатылы сотпен және апелляциялық тәртіпте қылмыстық істері қысқартылған тұлғалар жайында, сонымен бірге сыбайлас жемқорлық әрекеттердің түрлері және сол үшін жауаптылық туралы статистикалық мәліметтерді қамтиды.";

1-тармақтың үшінші азат жолындағы "N6 нысанды анықтаманың" сөздерінен кейін "N1-АП және N1-К нысанды кәртiшкелердің" сөздерімен толықтырылсын;

2-тармақтың бірінші азат жолындағы "Есеп 4 бөлімнен тұрады" сөздері "Есеп 6 бөлімнен тұрады" сөздерімен ауыстырылсын.

2-тармақ мынадай азат жолдармен толықтырылсын:

"5-бөлім әкімшілік жауаптылыққа тартылған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері туралы мәліметтерден тұрады (Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің 532-537-баптары).

6-бөлім "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тәртіптік жауаптылыққа тартылған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері туралы мәліметтерден тұрады".";

келесі мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. 5 және 6-бөлімдер Комитеттің арнайы есепке ұсынылған N1-АП (5-бөлім) және N1-К (6-бөлім) нысанды кәртiшкелер мәліметтерінің негізінде қалыптастырылып, А және Б кестесінен тұрады.

А. кестесінің 5 және 6-бөлімдерінде есептің жасалған күніндегі жағдай бойынша Комитеттің арнайы есепте тұрған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері туралы мәліметтер ескеріледі.

Б. кестесінің 5 және 6-бөлімдерінде есептік кезеңнің ішінде жауаптылыққа тартылған, орталықтандырылған есепте тұрған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері туралы мәліметтер ескеріледі.

1-бағанда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапқа тартылған тұлғалардың жалпы саны бейнеленеді.

1-20-жолдар Республика аймақтарын бейнелейді. 1-бағандағы мәліметтер, қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған тұлғалар болып

табылатын ведомстволарға сәйкес, 2-19-бағандар бойынша бөлініп таратылады, соның ішінде 19-бағанда 2-18-бағандарда ескерілмеген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері туралы мәліметтер көрсетіледі."

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (Г.В.Ким):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуі үшін шаралар қабылдасын;

2) осы бұйрық құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне және аумақтық органдарға жолдансын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Төрағасы Г.В.Кимге жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелу күнінен қозғалысқа енеді.

Қазақстан Республикасының

Бас Прокуроры

КЕЛІСІЛГЕН:

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының Төрағасы

19 мамыр 2005 жыл

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік*

комитетінің Төрағасы

10 маусым 2005 жыл

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс Министрі

19 сәуір 2005 жыл

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер Министрі

12 сәуір 2005 жыл

Қазақстан Республикасының

Әділет Министрі

" _____ " _____ 2005 жыл

*Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар жөніндегі*

Министрі

1 сәуір 2005 жыл

Ш ы ғ ы с Қазақстан облысы	7							
Ж а м б ы л облысы	8							
Б а т ы с Қазақстан облысы	9							
Қарағанды облысы	10							
Қызылорда облысы	11							
Қостанай облысы	12							
Маңғыстау облысы	13							
Павлодар облысы	14							
Солтүстік Қазақстан облысы	15							
Оңтүстік Қазақстан облысы	16							
Оңтүстік Ш ы ғ ы с көліктік аймақ	17							
Б а т ы с көліктік аймақ	18							
Орталық көліктік аймақ	19							
Қ Р Б а с прокуратура	20							
Барлығы (1-ден 20 бағанға дейін сомасы)	21							

кестенің жалғасы

соның ішінде орган қызметкерлерімен					
ҚМ КБК	Қорғаныс министр- лігінің				ТЖМ

		бағанға дейін сомасы)			Про- кура- тура		Қаржы поли- ция	Салық коми- теті
А	Б	1	2	3	4	5	6	7
Астана қаласы	1							
Ақмола облысы	2							
Ақтөбе облысы	3							
Алматы қаласы	4							
Алматы облысы	5							
Атырау облысы	6							
Шығыс Қазақстан облысы	7							
Жамбыл облысы	8							
Батыс Қазақстан облысы	9							
Қарағанды облысы	10							
Қызылорда облысы	11							
Қостанай облысы	12							
Маңғыстау облысы	13							
Павлодар облысы	14							
Солтүстік Қазақстан облысы	15							
Оңтүстік Қазақстан облысы	16							
Оңтүстік Шығыс көліктік аймақ	17							
Батыс көліктік аймақ	18							

Ш ы ғ ы с Қазақстан облысы	7							
Ж а м б ы л облысы	8							
Б а т ы с Қазақстан облысы	9							
Қарағанды облысы	10							
Қызылорда облысы	11							
Қостанай облысы	12							
Маңғыстау облысы	13							
Павлодар облысы	14							
Солтүстік Қазақстан облысы	15							
Оңтүстік Қазақстан облысы	16							
Оңтүстік Ш ы ғ ы с көліктік аймақ	17							
Б а т ы с көліктік аймақ	18							
Орталық көліктік аймақ	19							
Қ Р Б а с прокуратура	20							
Барлығы (1-ден 20 бағанға дейін сомасы)	21							

кестенің жалғасы

соның ішінде орган қызметкерлерімен					
ҚМ КБК	Қорғаныс министр- лігінің				ТЖМ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК